

«БЕКІТЕМІН»
«Раяна бөбекжай-
балабақшасының»
менгерушісі Б.Сүйебекова
2024 жылғы Балабақшасының менгерушісі



«РАЯНА БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ»
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ
ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖУРГІЗУ ЖОСПАРЫ

№	ЖҰМЫС МАЗМУНЫ	МЕРЗІМІ	ЖАУАПТЫЛАР	АЯҚТАЛУ НЫСАНЫ
Құқықтық сауаттылықты арттыру				
1	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына түсіндірме жұмыстарын жүргізу	қыркүйек	Менгеруші	Баяндама, түсіндірме жұмыстары
2	Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Қараша	Менгеруші	Баяндама, түсіндірме жұмыстары
3	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңына түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Қантар	Менгеруші	Баяндама, түсіндірме жұмыстары
4	Қазақстан Республикасының «Еңбек Кодексіне» түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Наурыз	Менгеруші	Баяндама, түсіндірме жұмыстары
5	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Мамыр	Менгеруші	Баяндама, түсіндірме жұмыстары

Тұзғен

Г.Сурапова

**«Раяна бөбекжай-балабақшасында» педагог қызметкерлердің
құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында откізілген құқықтық
түсіндірме жұмыстарының
ХАТТАМАСЫ**

Откізілген мекен-жайы: «Раяна бөбекжай-балабақшасының» ғимараты.

Откізілген мерзімі: 22.09.2024 жыл.

Қатысушылар: «Раяна бөбекжай-балабақшасының» тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері, медбике.

Күн тәртібінде: 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына түсіндірме жұмыстарын жүргізу

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Раяна бөбекжай-балабақшасының» менгерушісі Б.Сүйебекова:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 7-бабында беру жүйесін басқару органдарын толық, дұрыс, салыстырмалы ақпаратпен уақытының қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында білім берудің тиімді басқарудың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылады және жұмыс істейді. Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі білім беру мониторингінің деректерін, статистикалық байқауларды және білім беру саласындағы үекілетті орган, жергілікті атқарушы органдар, білім беру үйымдары өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде алған өзге де деректерді қамтиды.

1. Мемлекет білім алу құқығын білім беру жүйесін дамыту, оның жұмыс істеуінің құқықтық негізін жетілдіру және Қазақстан

Республикасының Конституациясына сәйкес білім алу үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз етеді.

Білім беру сапасын мемлекеттік бақылау білім беру сапасын бағалаудың үлттық жүйесін жасау және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

2-1. Мемлекет ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланыла отырып, электрондық оқытуудың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын құру жағдайларын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекет Қазақстан Республикасы азаматтарының тегін мектепалды, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуын, түлектерге жұмысшы біліктілігінің белгіленген және жоғарылатылған деңгейін бере отырып, техникалық және кәсіптік білім алуын, сондай-ақ, әскери, арнаулы оқу орындарында алынатын білімді қоспағанда, егер Қазақстан

Республикасының азаматы осы деңгейлердің әрқайсысында бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасына отбасына қосылу мақсатында келген шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім беру саласындағы үекілетті

орган белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуға құқығы бар.

Әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға, егер олар осы деңгейлердің әрқайсысында бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға құқық беріледі.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін және мемлекеттік емес білім беруді кредиттеуді дамыту үшін жағдайлар жасалады.

Мемлекет қаржылық үйымдар беретін білім беру кредиттерінің кепілдік жүйесін құру жөнінде шаралар қабылдайды.

4. Мемлекет әлеуметтік көмекке мұқтаж Қазақстан Республикасы азаматтарын олардың білім атуы кезеңінде қаржылау шығыстарын толық немесе ішінara өтейді.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін Қазақстан Республикасы азаматтарының санатына:

- 1) жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 2) даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедектер және бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;
- 3) көп балалы отбасылардың балалары;
- 4) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарындағы балалар;
- 5) жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарында, мектеп жаңындағы интернаттарда тұратын балалар;
- 6) дарынды балаларға арналған мамандандырылған интернаттық білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балалар;
- 7) интернаттық үйымдардың тәрбиеленушілері;
- 8) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шакқандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шықкан балалар;
- 9) деңсаулық жағдайына байланысты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша ұзак уақыт бойы үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оналту көрсететін үйымдарда оқытын балалар;
- 10) Қазақстан Республикасының зандарымен айқындалатын өзге де санаттағы азаматтар жатады.

4-1. Мемлекет Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген

тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тамақтандыруға жұмысалатын шығыстарды толығымен немесе ішінәра өтейді.

Орта білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру үйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру үйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу бөлігінде Қазақстан Республикасының білім саласындағы заннамасымен реттелген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заннамасының күші қолданылмайды.

Орта білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру үйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру үйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

5. Денсаулық жағдайына қарай ұзак уақыт бойы орта білім беру үйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оналту көрсететін үйымдарда тегін жеке оқыту үйымдастырылады.

6. Мемлекет инклузивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнағы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

7. Мемлекет тұрғындар саны аз елді мекендерде тұратын балалардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алу құқықтарын қамтамасыз ету үшін шагын жинақты мектептер мен интернат үйымдарының жұмыс істеуіне кепілдік береді.

8. Мемлекет Қазақстан Республикасының дарынды азаматтарының элиталық білім, оның ішінде шетелде білім алуына қажетті жағдай жасайды.

8-1-бап. Білім беру саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, конкурстық негізде алынатын жоғары білімнің ең төмен әлеуметтік стандарттары «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беру саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар болып табылады.

8-2-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік монополия

Білім беру деңгейлері бойынша оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарға сараптама жүргізуді, сондай-ақ білім беру жүйесі мен білім беру процесін әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік (мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары)

қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады.

9-бап. Оқыту және тәрбиелеу тілі

1. Білім беру ұйымдарындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Меншік нысандарына қарамастан барлық білім беру ұйымдары білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттына сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етуге тиіс.

3. Ана тілінде білім алу құқығы тиісті білім беру ұйымдарының мүмкіндіктері болған жағдайда сыныптар, топтар құрумен, сондай-ақ олардың жұмыс істеуіне жағдай жасаумен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік тілде оқытатын тиісті білім беру ұйымдарын, сыныптарды, топтарды құру басым бағыт болып табылады.

4. Мемлекеттік тіл және орыс тілі ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу кезінде пәндер тізбесіне енгізілетін міндетті пәндер болып табылады.

9-1-бап. Білім беру ұйымдарын аккредиттеу

1. Білім беру ұйымын аккредиттеу ерікті негізде жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымы аккредиттеу органдың өз бетінше тандайды.

2. Аккредиттеуден өткізу туралы немесе аккредиттеуді өткізуден бастарту туралы шешімді аккредиттеу органды білім беру ұйымы отінішінің және тізбесін аккредиттеу органды айқындастын, ұсынылған құжаттардың қаралу нәтижелері бойынша қабылдайды.

Аккредиттеуді өткізудің шарттары мен мерзімдері білім беру ұйымы мен аккредиттеу органды арасындағы аккредиттеуді өткізу туралы шартта айқындалады.

3. Аккредиттеу органды өзінің аккредиттеу стандарттарына (регламенттеріне) сәйкес институционалдық немесе мамандандырылған аккредиттеуді өткізеді.

4. Білім беру ұйымын аккредиттеу білім беру ұйымының қаражаты есебінен өткізіледі.

5. Білім беру ұйымдары уәкілетті органның тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында ұлттық және халықаралық институционалдық, мамандандырылған аккредиттеуден өтуге құқылы.

6. Біліктілікті арттыру институттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалпы негіздерде аккредиттеуден өтуге құқылы.

10-бап. Білім беру жүйесі ұғымы

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі өзара іс-қымыл жасайтын:

1) білім беру деңгейінің сабактастығын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және білім беру бағдарламаларының;

2) үлгілері мен түрлеріне қарамастан, білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының;

- 3) білім беруді басқару органдары мен тиісті инфрақұрылымдардың, оның ішінде білім беру мониторингін жүзеге асыратын оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарының;
- 4) білім беру қызметінің субъектілері бірлестіктерінің жиынтығын білдіреді.

11-бап. Білім беру жүйесінің міндеттері

1. Білім беру жүйесінің міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;
- 3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- 4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз күкіктары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халықы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін менгерту;
- 6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін көнектізу, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;
- 8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;
- 9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;
- 10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;
- 11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;
- 12) білім алушылардың кәсіптік үмтүлісін қамтамасыз ету;
- 13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-кимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;
- 14) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) сапалы білім алуына арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

12-бап. Білім беру деңгейлері

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі жалпы білім беретін оку және білім беру бағдарламаларының ұздіксіздігі және сабактастыры принципі негізінде мынадай білім беру деңгейлерін:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды;
- 2) бастауыш білім беруді;
- 3) негізгі орта білім беруді;
- 4) орта білім беруді (жалпы орта білім беруді, техникалық және кәсіптік білім беруді);
- 5) орта білімнен кейінгі білім беруді;
- 6) жоғары білім беруді;
- 7) жоғары оку орнынан кейінгі білім беруді қамтиды.

13-бап. Білім беру мазмұнының ұғымы

Білім беру мазмұны - жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені).

Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін жалпы білім беретін оку және білім беру бағдарламаларымен айқындалады.

14-бап. Білім беру бағдарламалары

1. Білім беру бағдарламалары мазмұны мен бағыттарына (міндеттеріне) қатысты:

- 1) жалпы білім беретін (ұлгілік, жұмыстық);
- 2) кәсіптік (ұлгілік, жұмыстық);
- 3) қосымша болып бөлінеді.

Ұлгілік оку бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленеді.

Жұмыстық оку бағдарламалары тиісті ұлгілік оку жоспарлары мен ұлгілік оку бағдарламаларының негізінде әзірленеді.

2. Жалпы білім беретін оку бағдарламалары жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде тандау мен менгеру үшін негіз жасауға бағытталған.

Жалпы білім беретін оку бағдарламалары мазмұнына қарай мынадай оку бағдарламаларына:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- 2) бастауыш білім беру;
- 3) негізгі орта білім беру;
- 4) жалпы орта білім беру болып бөлінеді.

Дарынды адамдардың әлеуетті мүмкіндіктерін негұрлым толық дамыту үшін оку бағдарламасының жекелеген пәндерін тереңдетіп оқытуды көздейтін мамандандырылған жалпы білім беретін оку бағдарламалары әзірленеді.

Адамдардың жекелеген санаттары үшін психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялардың ұсынымдары ескеріле отырып

айқындалатын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму және әлеуеттік мүмкіндіктерінің ерекшеліктері ескерілетін арнайы оку бағдарламалары әзірленеді.

3. Білім беру бағдарламалары экономика салаларындағы кәсіптік қызмет бағыттары бойынша білікті жұмысшы кадрлары мен орта буын мамандарын даярлауға, жеке бастың кәсіптік және жалпы білім деңгейін дәйекті түрде арттыруға бағытталған.

Кәсіптік бағдарламалар мазмұнына қарай:

1) техникалық және кәсіптік білімнің;

2) орта білімнен кейінгі білімнің;

3) жоғары білімнің;

4) жоғары оку орынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына бөлінеді.

4. Қосымша білімнің білім беру бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзі билеуін, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды үйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді.

5. Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін эксперимент режимінде (эксперименттік аландарда) жұмыс істейтін білім беру үйымдарында іске асырылатын эксперименттік білім беру бағдарламалары әзірленеді.

6. Интеграцияланған білім беру бағдарламаларын білім беру үйымдары әзірлейді. Интеграцияланған білім беретін оку бағдарламалары пәнаралық және деңгейаралық, жоғары оку орындары аралық және халықаралық болуы мүмкін.

8. Медициналық және фармацевтік мамандықтар бойынша үлгілік оку бағдарламаларын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша деңсаулық сактау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

8-1. Су көлігі саласындағы мамандықтар бойынша үлгілік оку бағдарламаларын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган бекітеді.

9. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, білім беру үйымы лицензиясы болған жағдайда әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыруға құқылы.

15-бап. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оку бағдарламалары

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оку бағдарламалары іс-әрекет түрлерінің мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекшеліктерін ескереп отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленеді.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оку бағдарламалары:

- 1) балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабактастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді;
- 2) әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен деңсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын менгеруге даярлауға бағдарланады.
3. Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оку бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді менгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауды көздейді.

ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының талаптарын жұмыс орнында қатаң сақтау.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы

Б.Сүйебекова

Г.Сурапова



«Раяна бөбекжай-балабақшасында» педагог қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында өткіzlген құқықтық түсіндірме жұмыстарының

ХАТТАМАСЫ

Откіzlген мекен-жайы: «Раяна бөбекжай-балабақшасының» ғимараты.

Откіzlген мерзімі: 15.11.2024 жыл.

Катысушылар: «Раяна бөбекжай-балабақшасының» тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері, медбике.

Күн тәртібінде: 1. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Занына түсіндірме жұмыстарын жүргізу

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Раяна бөбекжай-балабақшасының» менгерушісі Б.Сүйебекова:

1. Қазақстан Республикасында педагогтің ерекше мәртебесі танылады, бұл оның кәсіптік қызметін жүзеге асыруы үшін жағдайды қамтамасыз етеді.
2. Білім беру саласында кәсіптік қызметін жүзеге асырған және Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен тиісті ұйыммен еңбек қатынастарында болған кезеңде адам педагог мәртебесіне ие болады.
3. Педагог лауазымдарының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

5-бап. Педагогтік әдел

1. Педагогтік әдел занұлық, адалдық, жауапкершілік, жеке адамның арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарына негізделеді.
2. Педагогтік әдепті бұзы тәртіптік теріс қылық болып табылады және педагогті Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа алып келеді.
3. Педагогтік әдепті білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

6-бап. Педагогтің кәсіптік қызметін қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына сәйкес жұмыс беруші педагогке ол кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін жағдайды қамтамасыз етеді.
2. Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде:
 - 1) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға;
 - 2) одан Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заннамасында көзделмеген есептілікті не акпаратты талап-етіп алдыруға;
 - 3) Қазақстан Республикасының зандарында көзделмеген тексерулер жүргізуге;
- 4) оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндетті жүктеуге жол берілмейді.

3. Мемлекеттік орта білім беру үйымдарының педагогтерін олар кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік емес үйымдардың іс-шараларын откізуге тартуға жол берілмейді.

7-бап. Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары

1. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:
- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті үйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін тандауға;
- 2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;
- 4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін үйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайларды жасалуына;
- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуға;
- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
- 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оку құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын тандауға;
- 8) білім беру бағдарламаларын, оку жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оку-әдістемелік кешендер мен оку құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- 9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру үйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 11) білім беру үйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 12) үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын тандауға;
- 14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;
- 16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;
- 17) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сактаң-түру және арттыру үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
- 19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;
- 20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

2. Педагогтің осы баптың 1-тармағында көзделген құқықтарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс.

8-бап. Педагогтің материалдық қамтамасыз етілу құқығы

1. Мемлекеттік ұйымдарда кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке еңбегіне ақы төлеу жүйесі, лауазымдық айлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады. Жекеменшік білім беру ұйымдарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің еңбегіне ақы төлеуді олардың құрылтайшылары немесе соған үәкілеттік берілген адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.

2. Мемлекеттік ұйымдар педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын білім беру саласындағы үәкілетті орган еңбек жөніндегі үәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекітеді.

3. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін бір аптаға нормативтік оқу жүктемесі:

1) 16 сағат – орта білім беру ұйымдары үшін;

2) 18 сағат:

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін;
білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беру ұйымдары үшін;

мамандандырылған және арнаулы білім беру ұйымдары үшін;

3) 24 сағат:

мектепке дейінгі ұйымдар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мектепалды топтары, білім беру ұйымдарының мектепалды сыныптары үшін;

балалар мен жасөспірімдердің спорттық білім беру ұйымдары үшін;

- 4) 30 сағат – интернаттық ұйымдардың, демалыс лагерьлерінің, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары жатақханаларының тәрбиешілері үшін;

- 5) 25 сағат – арнайы білім беру ұйымдарының және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиешілері үшін белгіленеді.
4. Мемлекеттік ұйымдардың педагогіне негізгі жұмыс орны бойынша: философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылдының 1 қантарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 17 еселенген мөлшерінде;
- ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылдының 1 қантарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 17 еселенген мөлшерінде, ғылым докторы ғылыми дәрежесі үшін айлық есептік көрсеткіштің 34 еселенген мөлшерінде;
- сабактан тыс спорт сабактарын жүргізу үшін – базалық лауазымдық айлықақысының жүз пайызы мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.
5. Мемлекеттік орта білім беру ұйымында, сондай-ақ әдістемелік кабинетте кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке негізгі жұмыс орны бойынша ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр дәрежесі үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылдының 1 қантарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.
6. Жергілікті атқарушы органдар педагогтерге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылдының 1 қантарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің кемінде 300 еселенген мөлшерінде сыйақы түрінде қосымша ынталандыру төлемдерін белгілеуге құқылы.

9-бап. Педагогтің көтермеленуге құқығы

1. Адал еңбегі және өзінің кәсіптік міндеттерін ұлгілі орындағаны үшін педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ ұйымның ішкі тәртіп қағидаларында көзделген көтермелебулар қолданылады.
2. Педагогтің аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сінірген айрықша еңбегі үшін оған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік наградалар, оның ішінде "Қазақстанның еңбек сінірген үстазы" құрметті атағы беріледі.
- "Қазақстанның еңбек сінірген үстазы" құрметті атағына ие болған педагог республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылдының 1 қантарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінде біржолғы төлем алады.
3. Білім беру саласындағы үәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасындағы халықаралық олимпиадалардың, конкурстардың және спорттық жарыстардың женімпазын, жүлдегерін дайындаған педагогке тиісті мемлекеттік білім беру ұйымының қызметі бойынша үнемдеу есебінен үш лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы сыйақы төленеді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпазын, жүлдегерін дайындаған педагог "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Занына сәйкес бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленеді.

4. Жергілікті атқарушы органдар біржолғы сыйақы төлей отырып немесе онсыз, жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарды тағайындау және ынталандырудың өзге де нысандары арқылы, оның ішінде Қазақстан Республикасында белгіленген мерекелік күндерге орай педагогтерді көтермеледің қосымша шараларын белгілеуге құқылы.

Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтардың сипаттамасын, оларды беру тәртібін, оның ішінде біржолғы сыйақы төлемдерінің мөлшерін жергілікті атқарушы орган айқындайды.

5. Жыл сайын республикалық бюджет қаражаты есебінен "Ұздік педагог" атағын иеленушіге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде және тәртіппен сыйақы төленеді.

10-бап. Педагогтік қайта даярлау

1. Педагогтік білімі жоқ, тиісті бейіні бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар адамдар жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйымдарының базасында педагогтік қайта даярлаудан өтеді.

2. Педагогтік қайта даярлау тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

3. Осы баптың нормалары қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адамдарға қолданылмайды.

11-бап. Педагогтің кәсіптік қызметімен айналысуға қол жеткізуді шектеу

Педагогтің кәсіптік қызметіне:

1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ психикалық, мінездүліктық, оның ішінде психикаға белсененді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылуышылдықтары (аурулары) бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін үйымдарда есепте тұрган;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оку орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

12-бап. Әлеуметтік кепілдіктер

1. Педагогтерге:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғынжайға, оның ішінде қызметтік тұрғынжайға және (немесе) жатақханаға;

- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участекелеріне кепілдік беріледі.
- Ауылдық елді мекендерде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтерге жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участекелерін беру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басымдық тәртіппен жүзеге асырылады;
- 3) ұзактығы күнтізбелік 56 күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына;
- 4) өздеріне кезекті еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылда бір рет кемінде бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақыға кепілдік беріледі.
2. Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктері білім беру саласындағы үәкілетті орган тиісті саланың үәкілетті органдарымен келісу бойынша бекітетін қағидаларда айқындалады.
3. Педагогтердің балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі үйымдардан орындарды жергілікті атқарушы органдар бірінші кезектегі тәртіппен береді.
4. Педагог Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы құқықтарды қамтамасызын ететін әлеуметтік кепілдіктерді иеленеді.
5. Ауылдық елді мекенде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке:
- 1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қала жағдайында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің ставкаларымен салыстырғанда айлықақылар мен тарифтік ставкалар кемінде жиырма бес пайызға арттырылып белгіленеді;
- 2) жергілікті өкілді органдар бекіткен тәртіппен және мөлшерде бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетіледі.
6. Ауылдық елді мекендерге кәсіптік қызметін жүзеге асыру және тұру үшін келген педагогке жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша кетерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетіледі.
7. Жергілікті атқарушы органдар педагогке тұрғынжайды жалдау (жалға алу) үшін және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге өтемақы төлемдерін, санаторийлік-курорттық емделуге және демалуга жолдама сатып алу үшін толық немесе ішінара төлемдер, сондай-ақ педагогті әлеуметтік қолдауға бағытталған өзге де женілдіктер белгілеуге құқылы.

13-бап. Тәлімгерлік

1. Орта білім беру үйимында кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен педагогке бір оку жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіліп беріледі.

Тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді.

2. Тәлімгерлікті үйымдастыру тәртібін және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

14-бап. Педагогтерді аттестаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау)

Педагогтер аттестаттаудан өтеді, соның нәтижелері бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен біліктілік санаттары беріледі (расталады).

15-бап. Педагогтің міндеттері

1. Педагог:

- 1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді менгеруге;
- 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;
- 3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);
- 4) педагогтік әдепті сақтауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;
- 6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін күрметтеуге;
- 7) балаларды занға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;
- 9) білім беру үйымының басшылығына өмірлік қызын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;
- 10) құқық қорғау органдарына және білім беру үйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру үйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;
- 11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де занды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

2. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбурлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік,

ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насхаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үтіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституациясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелуе үшін пайдалануға құқылы емес.

16-бап. Педагогтік әдеп жөніндегі кеңес

1. Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің қызметі білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары негізінде білім беру үйымы айқындастырып жүзеге асырылады.
2. Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

Педагогті тәртіптік жауаптылықта тарту туралы шешім педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымы ескеріле отырып, білім беру үйымы басшысының актісімен қабылданады.

3. Педагогтік әдепті сақтау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің:
 - 1) қаралып отырган мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;
 - 2) қаралып отырган мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;
 - 3) өз құқықтары мен заңды мұдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе екілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;
 - 4) шешімді жазбаша түрде алуға;
- 5) қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

4. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның келісімімен ғана жариялануы мүмкін.

17-бап. Педагогті кәсіптік даярлау

1. Педагогті кәсіптік даярлау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында жүзеге асырылады.
2. Педагогтерді кәсіптік даярлаудың білім беру бағдарламалары педагогтің кәсіптік стандартының талаптары негізінде әзірленеді.

18-бап. Педагогтің біліктілігін арттыру

1. Педагог бұрын алған кәсіптік құзыреттерін сақтап-тұру және дамыту мақсатында біліктілігін арттыру курстарынан өтеді, олардан өту тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаиды.
2. Педагогтің біліктілігін арттыру мақсатында қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту бір жолы немесе кезең-кезеңмен жекелеген бағыттар мен пәндерді (модульдерді) менгеру арқылы, сондай-ақ "Болашак"

халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өту жолымен жүзеге асырылады.

3. Педагогтер алған білімін практикада іске асыруы үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізетін ұйымдар білім беру саласындағы үәкілетті орган айқындастырып педагогтер қызметін курстан кейінгі қолдауды тегін жүзеге асырады.

19-бап. Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заянамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заннамасын бұзу
Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

ШЕШИМ:

1. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Занының талаптарын жумыс орнында көтөлгенде.

Жиналыс төраймы

Б.Сүйебекова

Жиналыс хатшысы

Г.Надирова



«Раяна бөбекжай-балабақшасында» педагог қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында өткізілген құқықтық түсіндірме жұмыстарының

ХАТТАМАСЫ

Откізілген мекен-жайы: «Раяна бөбекжай-балабақшасының» ғимараты.

Откізілген мерзімі: 15.01.2025 жыл.

Катысушилар: «Раяна бөбекжай-балабақшасының» тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері, медбике.

Күн тәртібінде: 1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңына түсіндірме жұмыстарын жүргізу

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Раяна бөбекжай-балабақшасының» менгерушісі Б.Сүйебекова:

Балалардың тәң құқықтылығы

1. Тегіне, інсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мұліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа занды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тәң құқыққа ие.
2. Некеден де және некесіз де туған балалар тәң әрі жан-жақты қорғауды пайдаланады.

5-бап. Баланың құқықтарын шектеуге тыйым салу

Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, баланың құқықтарын шектеуге болмайды.

2-тaraу. БАЛАЛАР МУДДЕСІН КӨЗДЕЙТІН МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

6-бап. Балалар мұддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың мақсаттары

1. Қазақстан Республикасының балалар мұддесін көздейтін мемлекеттік саясатының мақсаттары:

- 1) балалардың құқықтары мен занды мұдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;
- 2) балалардың құқықтары мен занды мұдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;
- 3) бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен занды мұдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру;
- 4) балалардың дene бітімі, интеллектуалдық, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мұддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлөрі, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу;

- 5) кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету;
- 6) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы болып табылады және:

- 1) баланың құқықтарын заң түрғысынан қамтамасыз етуге;
- 2) балаларға толымды тәрбие беруді, олардың құқықтарын қорғауды оларды қоғамда толымды өмір сүрге дайындауды қамтамасыз ету мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға;
- 3) аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауға;
- 4) баланың құқықтары мен занды мүдделерін бұзғаны, оған зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың, азаматтардың жауаптылығына;
- 5) баланың құқықтары мен занды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де үйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген.

7-бап. Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті атқарушы органдарының мемлекетте баланың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі өкілеттіктері

1. Орталық атқарушы органдардың баланың құқықтарына кепілдіктерді қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктеріне:

1) балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың негіздерін талдап жасау;

1-1) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) өз құзыреті шегінде баланың құқықтары мен бостандықтарын реттеу және қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

4) балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу;

5) бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының зандарымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен балалар мүдделерінде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

6) баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындау және халықаралық үйымдарда мемлекет мүддесін білдіру;

7) алынып тасталды - КР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

2. Алынып тасталды

3. Жергілікті атқарушы органдардың бала құқықтары кепілдіктерін жүзеге асырудагы өкілеттіктеріне:

1-1) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) балаларға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысу;

3) баланың құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау жөніндегі консультацияларды хабарлау мен өткізу, іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

4) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дene тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласында балалар мұдделеріне орай орталық атқарушы органдар айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

4-1) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;

5) жергілікті мемлекеттік басқару мұддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

7-1-бап. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институты

1. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институтын Қазақстан Республикасының Президенті құрады және ол өз қызметін балалардың құқықтары мен заңды мұдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мақсатында қоғамдық негізде жүзеге асырады.

2. Баланың құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі:

1) заңдылық;

2) тәуелсіздік;

3) балалар үшін қолжетімділік;

4) баланың құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау басымдығы;

5) обьективтілік;

6) жариялыштық қағидаттарына негізделеді.

3. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

7-2-бап. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл

Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл балалардың құқықтары мен заңды мұдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында:

1) баланың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мұдделерінің бұзылуына қатысты өтініштерді және баланың құқықтарын, бостандықтары

мен занды мұдделерін бұзатын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен үйымдардың, кәсіпорындардың, олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды;

- 2) баланың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен занды мұдделерін кедергісіз іске асыруға және қалына келтіруге жәрдем көрсетеді;
- 3) Қазақстан Республикасының заннамасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;
- 4) білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау, қорғаныс, мәдениет және спорт жүйелерінің мемлекеттік органдары мен үйымдарына, сондай-ақ кәмелетке толмағандар ұсталатын қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне баруға кедергісіз қол жеткізеді;
- 5) баланың құқықтарымен айналысатын мемлекеттік және қоғамдық институттардың құжаттарына кедергісіз қол жеткізеді;
- 6) өзіне осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де зандарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді орындауды.

3-тaraу. БАЛАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

8-бап. Баланың денсаулық сақтауға құқығы

1. Эрбір баланың денсаулық сақтауға бұлжымас құқығы бар.
2. Мемлекет дені сау бала тууды қамтамасыз ету үшін ананың денсаулығын сақтау жөнінде жағдайлар жасайды.
 3. Баланың денсаулық сақтауға құқығы:
- 1) баланың денсаулығын сақтау саласында Қазақстан Республикасының зандарын қабылдау;
- 2) балалардың салауатты өмір салтын насихаттау және ынталандыру;
- 3) балалардың денсаулығын сақтау саласындағы ғылыми зерттеулерді мемлекеттік қолдау;
- 4) баланың, оның ата-анасының денсаулық жағдайына бақылау жасау және балалар ауруларының алдын алу;
 - 5) білікті медициналық көмек көрсету;
- 6) баланың дені сау болып өсіп жетілуіне қажетті қолайлы қоршаган орта жасау;
- 7) балалар үшін сапасы тиісті деңгейдегі тағам өнімдерінің өндірілуіне және сатылуына бақылау жасау арқылы қамтамасыз етіледі.
4. Мемлекет Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес балаларға тегін медициналық көмектің көлеміне кепілдік береді.
5. Баланың өміріне, денсаулығына және дene бітімі мен психикасының қалыпты өсіп-жетілуіне зиян келтіретін кез келген ғылыми тәжірибелер немесе өзге де эксперименттерге тыйым салынады.

9-бап. Баланың даралық ерекшелікке және оны сақтауға құқығы Эрбір бала туылғаннан кейін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес тіркелуге тиіс. Туылған кезінен бастап оның аты, әкесінің аты және тегі,

ұлты және азаматтығы болуына құқығы, ал Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларда оларды сактауға құқығы бар.
10-бап. Баланың өмір сүрге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы

1. Эрбір баланың өмір сүрге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар.
2. Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны физикалық және (немесе) психикалық күш көрсетуден, адамның қадір-қасиетіне қатыгездікпен, дөрекілікпен қараудан немесе оны қорлаудан, баланы жәбірлеуден (буллингтен), жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден, баланы қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан, және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады.

11-бап. Баланың сөз және ар-ождан бостандығына, ақпаратқа, қоғамдық өмірге араласуға құқығы

1. Эрбір баланың сөз бостандығына және өз пікірін айтуда, ар-ождан бостандығына, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуға, жасына сәйкес ақпарат алуға және оны таратуда, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ басқа да коммерциялық емес ұйымдардың нысандарына және Қазақстан Республикасының зандарымен рұқсат етілген бейбіт жиналыстарға өз еркімен қатысуға құқығы бар.
2. Мемлекеттік органдар балалардың жеке адами тұлғасын, олардың шығармашылық бейімділігін, әлеуметтік белсенділігін, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамытуды, олардың интеллектуалдық менишігін қорғауды, балалардың өмірі мен денсаулығын сактауды, қоршаған табиғи ортаны, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауды өзіне мақсат тұтатын, қайырымдылықты жүзеге асыратын, мәдени және спорттық өмірге қатысуға тартатын, демалысты ұйымдастыратын қоғамдық ұйымдарға жәрдемдеседі.

12-бап. Баланың қажетті тұрмыс деңгейіне құқығы

1. Эрбір баланың дene бітімінің, психикасы мен жан дүниесінің толымды дамуы үшін қажетті тұрмыс деңгейі мен жағдайы болуға құқығы бар.
2. Мемлекет бұл жағдайлардың жасалуын әлеуметтік және экономикалық шаралар жүйесі арқылы қамтамасыз етеді.

13-бап. Баланың мұліктік құқықтары

1. Эрбір баланың заңмен белгіленген тәртіппен және мөлшерде өз ата-анасынан және отбасының басқа да мүшелерінен қаражат алуға құқығы бар. Балаға алименттер, жәрдемақылар және басқа да әлеуметтік төлемдер ретіндегі тиесілі сомалар ата-анасының (олардың орнындағы адамдардың) билік етуіне келіп түседі және олар баланы күтіп-багуға, оған білім беруге және оны тәрбиелеуге жұмсалады.

2. Эрбір баланың зандарда белгіленген тәртіппен өз бетінше немесе өзінің занды өкілдері арқылы мәмілелер жасауға, банктерде салымы болуға және

жалақысына, стипендиясына немесе өзге де кірістеріне және интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне билік етуге, өзге де мұліктік құқықтарды иемденіп алуға және оларды жүзеге асыруға құқығы бар.

Ата-аналар немесе занды өкілдер баланың жәрдемақысын немесе материалдық көмек ретінде мемлекет бөлген ақшалай қаражатты баланың атына банкке салуға құқылы.

3. Эрбір баланың өзі тапқан табысқа, өзі сыйға немесе мұра ретінде алған мұлікке, сондай-ақ баланың қаражатына сатып алынған басқа да кез келген мұлікке меншік құқығы бар.

Оз енбегімен табыс табатын бала, егер ол ата-анасымен бірге тұратын болса, отбасын асырауға жұмсалатын шығындарды бөлісуге қатысуға құқылы.

Баланың өзіне меншік құқығымен тиесілі мұлікке билік ету құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық зандарымен айқындалады.

14-бап. Баланың тұрғын үйге құқығы

1. Эрбір баланың Қазақстан Республикасының тұрғын үй зандамасына сәйкес тұрғын үйге құқығы бар.

2. Білім беру үйымдарындағы, медициналық және басқа да үйымдардағы, оның ішінде қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін үйымдардағы, қорғанышылықтағы немесе қамқоршылықтағы, патронаттық тәрбиедегі жетім бала, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтайды, ал құқығы болмаған жағдайда олардың Қазақстан Республикасының тұрғын үй зандамасына сәйкес тұрғын үй алуға құқығы бар.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй жетім балаларда, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларда олар білім беру үйымдарында, медициналық және басқа да үйымдарда, оның ішінде қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін үйымдарда, қорғанышылықта немесе қамқоршылықта, патронаттық тәрбиеде болған кезенде олар кәмелетке толғанға дейін сақталады.

3. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, оның ішінде жетім балаларды оларға басқа тұрғын үй берілмейінше, тұрып жатқан тұрғын үйінен шығаруға болмайды.

4. Осы баптың 2-тармағында аталған балалардың тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтауды жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді.

5. Он төрт жасқа толмаған жетім баланың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың тұрғын үйін иеліктен шығару, оның ішінде айырбастау немесе сыйға тарту бойынша мәмілелер жасауға немесе олардың атынан кепілгерлік шартын, тұрғын үйді өтеусіз пайдалануға тапсыру немесе кепілге қою бойынша мәмілелер, заң жүзінде, өситет бойынша оларға тиесілі мұрагерлік құқықтардан бас тартуына, олардың тұрғын үйін бөлуге немесе одан үлес бөліп алуға әкеп соктыратын мәмілелер жасасуға жол берілмейді.

14-1-бап. Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтауды қамтамасыз ету

1. Жергілікті атқарушы органдар:

- 1) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін есепке алуды жүргізеді және оның сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 2) жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаныштыққа немесе қамқоршылыққа, патронаттық тәрбиелеуге, білім беру үйымдарына, медициналық және басқа да үйымдарға орналастырылғанға дейін олардың тұрғын үйін сақтауды қамтамасыз етеді;
- 3) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйіне қорғаныштық белгілейді.

2. Баланың заңды өкілдері жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтауды қамтамасыз етеді.

Баланың заңды өкілдері қорғаныштық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімімен, жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгі шарт негізінде жалдауға (қосымша жалдауға) бере алады.

Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) шарты бойынша алынған ақша жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың банктік шотына есептелуеге жатады.

Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау қағидалары:

- 1) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін есепке алу;
- 2) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйіне қорғаныштық белгілеу;
- 3) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін жалдауға (жалға) тапсыру;
- 4) баланың заңды өкілдерінің жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау жөніндегі міндеттерді орындауды бақылауды жүзеге асыру тәртібін қамтиды.

3. Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары және баланың заңды өкілдері жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау жөніндегі міндеттерді орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

15-бап. Баланың білім алуға құқығы

1. Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта және

жалпы орта білім және конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі.

2. Тегін жалпы орта білім немесе техникалық және кәсіптік білім алғанға дейін баланы мемлекеттік білім беру мекемесінен шығару, шығарудың жалпы тәртібін сақтаумен қатар тек қорғанышы және қамқоршы органдарды хабардар ете отырып қана жүргізуі мүмкін.

3. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға сәйкес арнаулы педагогикалық тәрбиені қажет ететін мүмкіндігі шектеулі балаларға мемлекеттік бюджеттен белгіленген стандарттар деңгейінде олардың білім алына кепілдік беретін қосымша қаражат болінеді.

4. Мемлекет балалардың білім алу кезеңінде әлеуметтік қоргауды қажет ететіндерінің күтіп-багу шығынын толық немесе ішінара көтереді. Олардың білім алу кезеңінде әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

16-бап. Баланың еңбек бостандығына құқығы

1. Эрбір баланың еңбек бостандығына, қызмет және кәсіп түрлерін еркін таңдауға құқығы бар.

2. Балалар он төрт жастан бастап, ата-аналарының рұқсатымен оқудан бос кезінде денсаулығына және өсіп-жетілуіне оңтайлы, баланың дene бітіміне, имандылығына және психикалық жай-күйіне зиян келтірмейтін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға, сондай-ақ мамандық алуға құқығы бар. Бұл құқықты халықты еңбекпен қамту қызметі мен жергілікті мемлекеттік басқару органдары қамтамасыз етеді.

3. Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлермен еңбек шартын жасасу және оны бұзу тәртібі және олардың енбегін реттеудің басқа да ерекшеліктері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленеді.

4. Баланы оның денсаулығына қауіп төндіруі немесе білім алына кедергі келтіруі не оның денсаулығына және дene бітімі, ақыл-ойы, рухани, моральдық және әлеуметтік жағынан дамуына нұқсан келтіруі мүмкін кез келген жұмысты орындауға қабылдауға немесе тартуға тыйым салынады.

16-1-бап. Баланың экономикалық қанаудан қоргалу құқығы
Эрбір баланың экономикалық қанаудан қоргалуға құқығы бар.

17-бап. Баланың мемлекеттік көмекке құқығы

1. Мемлекеттік көмек оны алуға құқығы бар әрбір балаға тағайындалады. Мемлекеттік көмектің мөлшері және оны көрсетудің шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

2. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, оның ішінде жетім балалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес толық мемлекеттік қамсыздандырылуда болады.

3. Мемлекеттік органдар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған әрбір балаға, қорғанышылық немесе қамқорышылық нысанына қарамастан, бірдей материалдық және өзге де жағдайларды қамтамасыз етеді.

18-бап. Мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу

1. Балалардың мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттар әлеуметтік қызмет көрсетулер бойынша белгіленген ең төменгі қолемде мыналарды:
 - 1) мемлекеттік білім беру тапсырысина сәйкес кепілдік берілген, жалпыға бірдей қолжетімді тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім мен конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беруді;
 - 2) балаларға тегін медициналық қызмет көрсетуді, оларды тамақтандырудың ең төменгі нормаларына сәйкес тамақтандыруды қамтамасыз етуді;
 - 3) он бес жасқа толған балалардың кәсіби бағдарлау, қызмет саласын тандау, жұмысқа орналасу, еңбегінің қорғалу, еңбегіне ақы төлену құқығын Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен кепілді қамтамасыз етуді;
 - 4) балаларға әлеуметтік қызмет көрсету, оларды әлеуметтік қорғау, соның ішінде туылуы мен тәрбиеленуіне байланысты, балалары бар азаматтарға мемлекеттік жәрдемакы төлеу жолымен кепілді материалдық қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ өмірлік қын ахуалға тап болған балаларды әлеуметтік бейімдеу және әлеуметтік оңалту жөніндегі шараларды;
 - 5) Қазақстан Республикасының тұрғын үй зандарына сәйкес тұрғын үйге құқығын қамтамасыз етуді;
 - 6) балаларды сауықтыру мен олардың демалысын ұйымдастыруды, соның ішінде төтенше жағдайларда, сондай-ақ экологиялық жағынан қолайсыз және Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен сондай деп танылған аумактарда тұратын балаларды сауықтыруды ұйымдастыруды;
 - 7) білікті заң көмегін көрсетуді қамтиды.
 3. Мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттар олардың өмір сүру жағдайларындағы аймақтық айырмашылықтар ескеріле отырып айқындалады. Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқарудың органдары қосымша әлеуметтік стандарттар белгілей алады.
 4. Тиісті білім беру ұйымдарындағы, арнаулы оқу-тәрбие ұйымдарындағы, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарындағы немесе өзге де мекемелер мен ұйымдардағы балалардың өздеріне ұсынылған қызмет көрсетулердің мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарға сәйкестігін мезгіл-мезгіл бағалап отыруға құқығы бар.
- 19-бап. Баланың дем алуға және бос уақытын пайдалануға құқығы
1. Әрбір бала өзінің жасына, денсаулығына және қажеттеріне қарай демалуга және бос уақытын пайдалануға құқылы.
 2. Ата-анаstry немесе олардың орнындағы адамдар өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес баланың күтілуі мен жан-жақты дамуына қажетті өмірлік жағдайларды қамтамасыз етеді.
 3. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес балалардың сауықтыру, спорт, шығармашылық және бос уақытын

пайдаланатын өзге де үйымдарын, лагерьлер мен санаторийлерді құрады және оларды қолдана отырады.

4. Мемлекет балалардың демалуға, сауығуға және бос уақытын пайдалануға құқығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

5. Балалардың сауықтыру, спорт, шығармашылық және бос уақытты өткіzetін өзге де үйымдарында, лагерьлері мен санаторийлерінде құдайға құлышылық етуді, діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге, сондай-ақ діни ілімдерді таратуға бағытталған іс-әрекеттерге жол берілмейді.

20-бап. Баланың міндеттері

Әрбір бала Қазақстан Республикасының Конституциясын және зандарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, енбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қам-қарекет жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға, табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға үқыпты қарауға міндетті.

4-тaraу. БАЛА ЖӘНЕ ОТБАСЫ

21-бап. Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы

Баланың мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, әрбір баланың отбасында өмір сүрге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын және басқа да жақын туыстарын білуге құқығы, олардың қамқорлығы мен тәрбиесін алуға құқығы бар.

22-бап. Баланың отбасындағы құқықтары

Әрбір бала отбасында Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Занда және Қазақстан Республикасының басқа да зандарында белгіленген жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтарға ие.

23-бап. Бала тәрбиелеп отырган отбасыларына мемлекеттік қолдау

Мемлекет бала тәрбиелеп отырган отбасыларына Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен әлеуметтік көмек беру арқылы қолдау көрсетеді.

24-бап. Ата-анасының баланы тәрбиелеу, күтіп-бағу және асырау жөніндегі міндеті

1. Ата-анасы немесе басқа да занды өкілдері баланың жан-жақты дамуы үшін қажетті өмір сүру жағдайын жасауға міндетті.

2. Ата-анасы баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдан, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті.

25-бап. Баланың ата-анасымен бірге тұру құқығы

1. Баланың өз ата-анасымен немесе басқа да занды өкілдерімен бірге тұруға құқығы бар.

2. Баланың, ата-анасының немесе занды өкілдерінің ықтиярынсыз баланы ата-анасынан немесе занды өкілдерінен айыруға тыйым салынады. Оларды айыру туралы шешімді ерекше жағдайларда және баланы қорғау мақсатында қандай дәрежеде қажет болуына қарай сот қана қабылдайды.

3. Ата-анасы бір-бірінен бөлек тұрған жағдайда баланың тұратын жері ата-анасының келісімімен, ал ол болмаган жағдайда, ата-аналар арасындағы дау сот арқылы шешіледі. Бұл орайда сот бала ата-анасының жеке қасиеттері мен жағдайларын, сондай-ақ баланың мүдделері мен пікірін ескереді.

ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Занының талаптарын жұмыс орында қатаң сақтау.
2. Аталған заның талаптарын ата-аналар арасында кеңінен, тұрақты түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы

Б.Сүйебекова

Г.Надирова



**«Раяна бөбекжай-балабақшасында» педагог қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында өткізілген құқықтық түсіндірме жұмыстарының
ХАТТАМАСЫ**

Откізілген мекен-жайы: «Раяна бөбекжай-балабақшасының» ғимараты.

Откізілген мерзімі: 17.03.2025 жыл.

Катысушылар: «Раяна бөбекжай-балабақшасының» тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері, медбике.

Күн тәртібінде: 1. Қазақстан Республикасының «Еңбек Кодексіне» түсіндірме жұмыстарын жүргізу

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Раяна бөбекжай-балабақшасының» менгерушісі Б.Сүйебекова:

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мақсаты еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды еңбек қатынастары тарараптарының құқықтары мен мұдделерін қорғауға, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төмен кепілдіктерін белгілеуге бағытталған құқықтық реттеу болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының міндеттері еңбек қатынастары тарараптары мұдделерінің теңгеріміне, әлеуметтік тұрақтылыққа, қоғамдық келісімге бағытталған қажетті құқықтық жағдайлар жасау болып табылады.

4-бап. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының қағидаттары

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының қағидаттары:

- 1) адам мен азаматтың еңбек саласындағы құқықтарының шектелуіне жол бермеу;
- 2) еңбек бостандығы;
- 3) еңбек саласындағы кемсітушілікке, мәжбурлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу;
- 4) қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықты қамтамасыз ету;
- 5) жұмыскердің өмірі мен денсаулығының басымдығы;
- 6) еңбегі үшін жалақының ең төмен мөлшерінен кем емес сыйақы құқығын қамтамасыз ету;
- 7) тынығу құқығын қамтамасыз ету;
- 8) жұмыскерлердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің тенденциясы;
- 9) жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өз құқықтары мен мұдделерін қорғау үшін бірігу құқығын қамтамасыз ету;
- 10) әлеуметтік әріптестікті нығайтуда және дамытуда мемлекеттің ықпалы;
- 11) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеу болып табылады.

5-бап. Еңбек бостандығы

Әркімнің еңбекті еркін таңдауға немесе еңбекке қандай да бір кемсітушіліксіз және мәжбурлеусіз еркін келісуге құқығы, өзінің еңбекке қабілеттілігіне билік етуге, кәсіп және қызмет түрін таңдауға құқығы бар.

6-бап. Еңбек саласындағы кемсітушілікке тыйым салу

1. Әркімнің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайлар мен тәртіппен басқа, ешкімнің еңбек саласындағы құқықтарына шек қойылмайды.
2. Ешкімді де еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты ешқандай кемсітуге болмайды.
3. Еңбек қызметінің тиісті түрлері үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленетін не әлеуметтік және құқықтық басымдықпен қорғалуға мүқтаж адамдар жөнінде мемлекеттің ерекше қамкорлығынан туындаған өзгешеліктер, ерекшеліктер, артықшылықтар мен шектеулер кемсітушілік болып табылмайды.
4. Еңбек саласында кемсітушілікке ұшырадым деп есептейтін адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа немесе өзге де орындарға жүгінуге құқылы.

7-бап. Мәжбүрлі еңбекке тыйым салу

Мәжбүрлі еңбекке тыйым салынған.

Мәжбүрлі еңбек қандай да бір адамнан қандай да бір жаза қолдану қатерімен талап етілетін, оны орындау үшін бұл адам ерікті түрде өз қызметтерін ұсынбаған кез келген жұмысты немесе қызметті білдіреді.

Мәжбүрлі еңбекке:

жұмыс мемлекеттік органдардың қадағалауымен және бақылауымен жүргізілетін және оны орындаітын адам жеке және (немесе) заңды тұлғалардың билігіне берілмейтін немесе тапсырылмайтын жағдайда соттың заңды күшіне енген үкіміне байланысты;

төтеше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

10-бап. Еңбек шарттары, әлеуметтік әріптестік тараптарының келісімдері, ұжымдық шарттар, жұмыс берушінің еңбек саласындағы актілері

1. Еңбек қатынастары, сондай-ақ еңбек қатынастарына тікелей байланысты өзге де қатынастар еңбек шартымен, жұмыс берушінің актісімен, келісіммен және ұжымдық шартпен реттеледі.
2. Әлеуметтік әріптестік тараптары келісімдерінің, ұжымдық, еңбек шарттарының, жұмыс беруші актілерінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен салыстырғанда жұмыскерлердің жағдайын нашарлататын ережелері жарамсыз деп танылады және қолданылмауға тиіс.
3. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, келісімдердің, ұжымдық, еңбек шарттарының талаптары біржакты тәртіппен өзгерілмейді.

11-бап. Жұмыс берушінің актілері

Жұмыс беруші осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, еңбек шартына, келісімдерге, ұжымдық шартқа сәйкес өз құзыреті шегінде актілер шығарады.

Жұмыс берушінің актілері жазбаша нысанда немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында ресімделеді.

12-бап. Жұмыс берушінің актілерін шығару кезінде жұмыскерлер өкілдерінің пікірін ескере тәртібі

1. Жұмыс беруші келісімдерде, ұжымдық шартта көзделген жағдайларда жұмыскерлер өкілдерінің пікірін ескере отырып актілер шығарады.
2. Жұмыс беруші өзінің актісінің жобасын және ол бойынша негізденемен жұмыскерлердің өкілдеріне ұсынады. Жұмыскерлердің бірнеше өкілі болған кезде олар жұмыс берушінің актілері бойынша пікірді есепке алу үшін сандық құрамы олар мұдделерін білдіретін жұмыскерлердің санына пропорционалды түрде болатын біртұтас өкілді орган құрады.
3. Жұмыскерлердің өкілдері жұмыс беруші актісінің жобасын табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен асырмай талқылайды. Жұмыскерлердің өкілдері шешімді осы Кодексте белгіленген мерзімдерде ұсынбаган жағдайда, жұмыс беруші актінің пікірді ескермesten қабылдауға құқылы.
4. Жұмыскерлер өкілдерінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, онда жұмыскерлер өкілдерінің жұмыс беруші актісінің жобасымен келісетіні (келіспейтіні) көрсетіледі, олардың ұсыныстары болса олар жазылады.
5. Егер жұмыскерлер өкілдерінің пікірінде жұмыс беруші актісінің жобасына келісім болмаған не оны өзгерту жөнінде ұсыныстар болған жағдайда, жұмыс беруші:
 - 1) келіскең жағдайда жұмыскерлер өкілдерінің ұсыныстарын ескере отырып өзгертилген акт шығарады;
 - 2) келіспеген кезде жұмыскерлердің өкілдерімен қосымша консультациялар откізуге құқылы.
6. Жұмыс беруші актілерін шығару үшін келісімдерге, ұжымдық шартқа сәйкес жұмыскерлер өкілдерінің пікірін есепке алу қажет болатын олардың жобалары бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде, туындаған келіспеушіліктер, жұмыс берушінің және жұмыскерлердің бір өкілі қол қоятын хаттамамен ресімделеді, одан кейін жұмыс беруші актіні қабылдауға құқылы.
7. Егер жұмыс берушінің шығарылған актісінде жұмыскерлердің осы Кодексте, еңбек, ұжымдық шарттарда, келісімдерде көзделген құқықтары мен кепілдіктерін бұзатын не нашарлататын ережелер қамтылған жағдайда, орган еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға не сотқа шағым жасауға болады.

13-бап. Осы Кодексте белгіленген мерзімдерді есептеу

1. Осы Кодексте, еңбек немесе ұжымдық шартта, келісімдерде белгіленген мерзім күнтізбелік күнмен, жылдармен, айлармен, апталармен немесе

күндермен есептелеңін уақыт кезеңінің аяқталуымен айқындалады. Мерзім басталуға тиіс оқиғаны көрсетумен де айқындалуы мүмкін.

2. Осы Кодексте көзделген жағдайларда мерзім жұмыс күндерімен есептеледі.

3. Уақыт кезеңімен айқындалатын мерзімнің ағымы оқиғаның басталуы айқындалған, оқиға басталған күнтізбелік күннен кейінгі келесі күні басталады.

4. Жылдармен, айлармен, апталармен есептелеңін мерзімдер соңғы жылдың, айдың, аптаның тиісті күндері аяқталады. Егер айлармен есептелеңін мерзімнің аяқталуы тиісті күні жоқ айға келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күні аяқталады. Күнтізбелік апталармен немесе күндермен есептелеңін мерзімге жұмыс күні емес күндер де қосылады.

5. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, мерзімнің соңғы күні жұмыс күні емес күнге келсе, онда одан кейінгі бірінші жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып есептеледі.

14-бап. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

19-бап. Еңбек қатынастары субъектілері

Жұмыскер мен жұмыс беруші еңбек қатынастары субъектілері болып табылады.

Шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің басшысы осы заңды тұлға атынан жұмыс берушінің барлық құқықтарын жүзеге асырады және барлық міндеттерін атқарады.

20-бап. Жұмыскерлердің өкілдері және олардың өкілеттіктері

1. Жұмыскерлердің мүдделерін "Кәсіптік одактар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кәсіптік одактар органдары, ал олар болмаған кезде сайланбалы өкілдер өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде білдіреді.

Жұмыскерлердің сайланбалы өкілдері үйым жұмыскерлерінің жалпы жиналысында (конференциясында) оған үйым жұмыскерлерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде қатысуышылардың көпшілік даусымен сайланады және оларға үәкілеттік беріледі. Жұмыскерлердің сайланбалы өкілдерін сайлау бойынша үйым жұмыскерлерінің жалпы жиналысын (конференциясын) қашықтан дауыс беру арқылы өткізуге жол беріледі. Жұмыскердің жалпы жиналысқа (конференцияға) қатысуы электрондық цифрлық қолтаңбамен немесе жұмыскердің авторизациялануы, сәйкестендірілуі қамтамасыз етіле отырып, өзге де электрондық тәсілмен расталады.

Егер кәсіптік одактарда жұмыскерлердің мүше болуы үйым жұмыскерлері штат санының жартысынан аз болса, онда жұмыскерлердің мүдделерін кәсіптік одактар мен сайланбалы өкілдер білдіре алады.

Егер осы үйымда кәсіптік одак құрылған болса, кәсіптік одактың қатысуының жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасында ұжымдық келіссөздер жүргізуге жол берілмейді.

2. Кәсіптік одак мүшесі болып табылмайтын, жұмыскерлердің сайланбалы өкілдерін сайлауга қатыспаған жұмыскерлер кәсіподак органдарына, жұмыскерлердің сайланбалы өкілдеріне өздерінің мұдделерін білдіруге құқық беруге құқылы. Кәсіподак органдары, жұмыскерлердің сайланбалы өкілдері жұмыскердің жазбаша өтініші негізінде оның мұдделерін білдіруді қамтамасыз етеді.

3. Жұмыскерлердің сайланбалы өкілдерінің:

- 1) жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен мұдделерін білдіруге және қорғауга;
- 2) жұмыс берушімен жобаларды әзірлеу және ұжымдық шарттарды жасасу бойынша ұжымдық келіссөздер жүргізуге;
- 3) ұжымдық шарттарға сәйкес қалыпты еңбек жағдайларын зерделеу және қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану үшін жұмыс орындарына баруға;
- 4) жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек дауларын осы Кодексте белгіленген тәртіппен реттеуге қатысуға құқығы бар.

21-бап. Еңбек қатынастарының туындау негіздері

1. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, еңбек қатынастары жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында осы Кодекске сәйкес жасалатын еңбек шартының негізінде туындайды.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында, құрылтай құжаттарында, жұмыс берушінің актілерінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен еңбек шартын жасасу алдында:

- 1) лауазымға сайлану (сайлау);
 - 2) тиісті лауазымға орналасуға арналған конкурс бойынша сайлану;
 - 3) лауазымға тағайындау немесе лауазымға бекіту;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңдарымен уәкілеттік берілген органдардың белгіленген квота есебімен жұмысқа жіберуі;
 - 5) еңбек шартын жасасу туралы сот шешімін шығару рәсімдері болуы мүмкін.
3. Заңды тұлғаның атқарушы органдының басшысымен еңбек қатынастары осы Кодекске, Қазақстан Республикасының заңдарына, құрылтай құжаттарына және еңбек шартына сәйкес жүзеге асырылады.

22-бап. Жұмыскердің негізгі құқықтары мен міндеттері

1. Жұмыскердің:

- 1) осы Кодексте көзделген тәртіппен және жағдайларда еңбек шартын жасасуға, өзгертуге, толықтыруға, тоқтатуға;
- 2) жұмыс берушіден еңбек, ұжымдық шарттардың, қелісімдердің, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындауды талап етуге;
- 3) еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға;
- 4) еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы толық және анық ақпарат алуға;

- 5) еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес уақтылы және толық көлемде жалақы төленуіне;
- 6) бос түрып қалғаны үшін осы Кодекске сәйкес ақы төленуіне;
- 7) тынығуға, оның ішінде жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына;
- 8) егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, кәсіптік одак құру, сондай-ақ оған мүше болу құқығын қоса алғанда, өзінің еңбек құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау үшін бірігуге;
- 9) өз өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге және ұжымдық шарт жобасын әзірлеуге қатысуға, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен танысуға;
- 10) еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауға байланысты денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге;
- 11) міндетті әлеуметтік сақтандырылуға;
- 12) еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандырылуға;
- 13) кепілдіктерге және өтемақы төлемдеріне;
- 14) өзінің құқықтары мен занды мүдделерін занға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;
- 15) қандай да бір кемсітусіз, бірдей еңбек үшін бірдей ақыға, сондай-ақ бірдей өндірістік-тұрмыстық жағдайларға;
- 16) жеке еңбек дауын қарау үшін осы Кодексте көзделген тәртіппен реттілігімен келісу комиссиясына, сотқа жүгінуге;
- 17) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;
- 18) Қазақстан Республикасының заннамасында, сондай-ақ еңбек, ұжымдық шарттарда көзделген талаптарға сәйкес жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен, арнайы киіммен қамтамасыз етілуге;
- 19) өзінің денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін ахуал туындаған кезде, бұл туралы тікелей басшының немесе жұмыс берушінің өкілін хабардар ете отырып, жұмысты орындаудан бас тартуға;
- 20) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларын зерттеп қарауды жүргізу туралы өтініш білдіруге, сондай-ақ еңбек жағдайларын, қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды жақсартуға байланысты мәселелерді тексеру мен қарауға өкілдік етіп қатысуға;
- 21) жұмыс берушінің еңбек және онымен тікелей байланысты қатынастар саласындағы әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;
- 22) біліктілігіне, еңбектің күрделілігіне, орындалған жұмыстың саны мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына сәйкес еңбегіне ақы төленуіне;
- 23) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында белгіленген тәртіппен, ереуілге құқықты қоса алғанда, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге;
- 24) жұмыс берушіде сақталатын дербес деректерінің қорғалуын қамтамасыз етуге;

25) еңбек шарттарын есепке алудың бірынғай жүйесінен еңбек шарты және өзінің еңбек қызметі туралы мәліметтерді алуға құқығы бар.

2. Жұмыскер:

1) еңбек міндеттерін келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауға;

2) еңбек тәртібін сактауға;

3) жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік санитария жөніндегі талантарды сактауға;

4) жұмыс берушінің және жұмыскерлердің мүлкіне ұқыпты қарауға;

5) адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мен жұмыскерлер мүлкінің сақталуына қауіп төндіретін ахуал туындағаны, сондай-ақ бос тұрып қалу туындағаны туралы жұмыс берушіге хабарлауға;

6) еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік қупияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де қупияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;

7) келтірілген нұқсанды осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында белгіленген шектерде жұмыс берушіге өтегуе міндетті.

3. Жұмыскердің осы Кодексте көзделген өзге де құқықтары болады және ол өзге де міндеттерді атқарады.

23-бап. Жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері

1. Жұмыс берушінің:

1) жұмыска қабылдау кезінде тандау еркіндігіне;

2) жұмыскерлермен еңбек шарттарын осы Кодексте белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша өзгертуге, толықтыруға, тоқтатуға және бұзуға;

3) өз өкілеттігі шегінде жұмыс берушінің актілерін шығаруға;

4) өз құқықтары мен мүдделеріне өкілдік ету және оларды қорғау мақсатында бірлестіктер (қауымдастықтар, одақтар) құруға және оларға кіруге;

5) жұмыскерлерден еңбек, ұжымдық шарттар талантарының, еңбек тәртіптемесі қағидаларының және жұмыс берушінің басқа да актілерінің орындалуын талап етуге;

6) осы Кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен жұмыскерлерді көтермелегуге, оларға тәртіптік жазалар қолдануға, жұмыскерлерді материалдық жауаптылыққа тартуға;

7) еңбек міндеттерін атқару кезінде жұмыскер келтірген нұқсанды өтетуге;

8) еңбек саласындағы өзінің құқықтары мен занды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінуге;

9) жұмыскерге сынап мерзімін белгілеуге;

10) осы Кодекске сәйкес жұмыскерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге;

11) осы Кодекске сәйкес жұмыскерді оқытуға байланысты өз шығындарын ететуге;

12) жеке еңбек дауын қарау үшін осы Кодексте көзделген тәртіппен реттілігімен келісу комиссиясына, сотқа жүгінуге;

13) еңбек шарттарын есепке алуудың бірынғай жүйесінен үміткерлердің (олардың алдын ала келісімімен) және жұмыскерлердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді алуға құқығы бар.

2. Жұмыс беруші:

- 1) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, келісімдердің, ұжымдық, еңбек шарттарының, өзі шығарған актілердің талаптарын сактауға;
- 2) жұмысқа қабылдау кезінде осы Кодексте белгіленген тәртіппен және жағдайларда жұмыскерлермен еңбек шарттарын жасасуға;
- 3) жұмысқа қабылдау кезінде осы Кодекстің 32-бабына сәйкес еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттарды талап етуге;
- 4) жұмыскерге еңбек шартында келісілген жұмысты ұсынуға;
- 5) жұмыскерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалакы мен өзге де төлемдерді уақтылы және толық мөлшерде төлеуге;
- 6) жұмыскерді ұжымдық шартпен, еңбек тәртіптемесі қағидаларымен, жұмыс берушінің жұмыскердің жұмысына (еңбек функциясына) тікелей қатысы бар өзге де актілерімен және осы Кодексте көзделген жағдайларда жұмыс берушінің басқа да актілерімен жеке-дара немесе оларды курьерлік пошта байланысы, пошта байланысы, факсимильді байланыс, электрондық пошта және өзге де ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жіберу жолымен таныстыруға;
- 7) жұмыскерлер өкілдерінің ұсыныстарын қаруға және жұмыскерлердің өкілдеріне ұжымдық келіссөздер жүргізу, ұжымдық шарттар жасасу, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау үшін қажетті толық және анық ақпарат беруге;
- 8) осы Кодексте белгіленген тәртіппен ұжымдық келіссөздер жүргізуге, ұжымдық шарт жасасуға;
- 9) жұмыскерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, еңбек, ұжымдық шарттарға сәйкес еңбек жағдайларн қамтамасыз етуге;
- 10) жұмыскерлерді жабдықпен, аспаптармен, техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін атқару үшін қажетті өзге де құралдармен өз қаржаты есебінен қамтамасыз етуге;
- 11) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат беруге;
- 12) мемлекеттік еңбек инспекторларының нұсқамаларын орындауға;
- 13) егер жұмысты жалғастыру жұмыскердің және өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін болса, жұмысты тоқтата тұруға;
- 14) жұмыскерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыруды жүзеге асыруға;
- 15) жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға;
- 16) жұмыскерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын беруге;
- 17) жұмыскерлердің еңбек қызметін растайтын құжаттардың және оларды зейнетақымен қамсыздандыруға және міндетті әлеуметтік сақтандыруға

арналған ақшаны ұстап қалу мен аудару туралы мәліметтердің сақталуын және мемлекеттік архивке тапсырылуын қамтамасыз етуге;

18) жұмыскерге зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары мен кәсіптік аурудың болу мүмкіндігі туралы ескертуге;

19) жұмыс орындары мен технологиялық процестерде кәсіптік тәуекелдерді болғызбау жөнінде шараптар қолдануға, өндірістік және ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып, профилактикалық жұмыстар жүргізуге;

20) жұмыс уақытының, оның ішінде әрбір жұмыскер орындастын үстеме жұмыстардың, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстардың, ауыр жұмыстардың есебін жүргізуге;

21) жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауды кезінде оның омірі мен денсаулығына келтірілген зиянды осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өтеуге;

22) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның және еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органның лауазымды адамдарын, жұмыскерлердің өкілдерін, енбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігінің, жағдайларының және енбекті қорғаудың жай-күйіне және Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына тексерулер жүргізу үшін, сондай-ақ еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тергеп-тексеру үшін кедергісіз жіберуге;

23) жұмыс беруші айқындастын, он сегіз жастан кіші жұмыскерлердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және туған жылы, куні, айы көрсетілетін тізілімдердің немесе басқа да құжаттардың жүргізуін қамтамасыз етуге;

24) жұмыскердің дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жинақтауды, өндеуді және қорғауды жүзеге асыруға;

25) еңбек қауіпсіздігі және енбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға;

26) осы Кодексте белгіленген тәртіппен келісу комиссиясын құруға;

26-1) жұмыскерге Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында айқындалған тәртіппен және көлемде жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысын сақтай отырып, скринингтік зерттеулерден өту үшін демалыс беруге;

27) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, осы Кодекстің 28-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 13) тармақшаларында көзделген мәліметтер қамтылған, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірынғай жүйесіне енгізуге;

28) қандай да бір кемсітусіз, жұмыскерлерге бірдей еңбек үшін бірдей акы, сондай-ақ бірдей өндірістік-тұрмыстық жағдайлар қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жұмыс берушінің осы Кодексте көзделген өзге де құқықтары болады және ол өзге де міндеттерді атқарады.

ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасының «Еңбек Кодексінің» талаптарын жұмыс орнында қатаң сақтау.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы

Б.Сүйебекова

Г.Надирова



**«Раяна бөбекжай-балабақшасында» педагог қызметкерлердің құқықтық
сауаттылығын арттыру мақсатында өткізілген құқықтық түсіндірме
жұмыстарының
ХАТТАМАСЫ**

Откізілген мекен-жайы: «Раяна бөбекжай-балабақшасының» гимараты.

Откізілген мерзімі: 12.05.2025 жыл.

Қатысушылар: «Раяна бөбекжай-балабақшасының» тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері, медбике.

Күн тәртібінде: 1. Сыбайлар жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Раяна бөбекжай-балабақшасының» менгерушісі Б.Сүйебекова:

«КР «Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №140-V Заңына сәйкес Сарыагаш аудандық білім бөлімі бекіткен 2024–2025 оку жылына арналған «Сыбайлар жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру» жөніндегі жоспары ұзынылған. Осы жоспарға сәйкес барлық білім беру мекемелерінде тұрақты жұмыстар жүргізу қайта түсіндірілді.

ШЕШІМ:

1. «КР «Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №140-V Заңына сәйкес Сарыагаш аудандық білім беру бөлімі бекіткен 2024–2025 оку жылына арналған «Сыбайлар жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру» жөніндегі жоспары қатаң назарға алынып, тұрақты жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс тәрайымы

Жиналыс хатшысы

Б.Сүйебекова

Г.Надирова

